

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылықов, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### **Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### **Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

## «СЕГІЗ АЯҚ» – АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ КӨРКЕМДІГІНІҢ ШЫРҚАУ ШЫНЫ

Қазақ халқының XIX ғасырдағы кеменгер ақыны Абай шығармаларының идеялық тереңдігі, көркемдік байлығы жөнінде, әрине, бірден-бір дәл, анық, байыпты пікір айтқан – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Ол бір сөзінде:

Жүргегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соктышпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алстым, кінә қойма! –

dedі. Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шам-шырақты сөule төкті және таңы атып, күн шығатын жаққа апаратын жолды өз халқы талмастан көрсетті», – десе, Абай шығармаларын тұтастай қарастырып: «Тарихи тұрғыдан қарағанда, Қазақ халқының рухани мәдениетінің жиынтығы сияқты», – деп пікір түйді. Ал енді бірде: «Абайдың көптеген өлеңдерінде («Қартайдық, қайғы ойладық ...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый...», «Құлембайға», «Көжекбайға» т.б.) надандық, дауқестік, паракорлық, арамтамақтық, қазақ халқын билеп-тәстеушілердің рухани бишаралығы өлтіре сыналды. Семьяға, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұнғыш рет соншама айқындықпен, соншама моралдық тереңдікпен айтылады», – деп, Абай өлеңдерінің мазмұн байлығын мейлінше дәл бағалады.

М.О. Әуезов айтқандаі, Абай тек қана қазақ әдебиетінің рухани иғлігі емес, бүкіл әлем мәдениетінің биігіне көтерілген классик ақыны болды. Бұған – оның шығармаларының ағылшын, араб, венгр, қытай, монгол, неміс, парсы, түрік, урду, француз, хинди, чех тілдеріне аударылып, дүниежүзінен кең таралуы толық дәлел.

Абайдың классикалык шығармаларының бірі – «Сегіз аяқ».

«Сегіз аяқты» Абай 1889 жылы жазған. Өлең 8 тармақты 25 шумақтан тұрады.

«Сегіз аяқ» алғаш 1909 жылы С-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланған.

Кейінгі басылымдарында текстологиялық өзгерістер бар.

Мұрсейіт қолжазбаларында, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 5-шумақтың 4,5-жолдары «Пайдасыз ақыл, Байлаусыз тақыл», 14-шумақтың 2-жолы «Жұз кісі сұмға» делінсе, 1933, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жолдар 1909 жылғы басылымға сәйкес «Пайдасыз тақыл, байлаусыз ақын», «Жөн кісі сұмға» деп қабылданған.

Мұрсейіт қолжазбаларында 6-шумақтың 6-жолы «Іздегені, баққаны», 8-шумақтың 4, 5-жолдары «Адам бол – мал тап, Адал бол – бай тап», 10-шумақтың 6-жолы «Қор болып қолда барасын», соңғы шумақтың 6-жолы «Сөзімді ұғар біреу жоқ» болса, барлық басылымдарда бұл жолдар 1909 жылғы жинаққа сәйкес «Андығаны баққаны», «Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап», «Қор болып құрып барасын», «Сөзімді ұғар елім жоқ» ретінде алынған. 1933, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 14-шумақтың 6-жолы «Айғаймен өтті, амал жоқ» болып басылса, басқа жинақтарда Мұрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы басылым бойынша бұл жол «Айғаймен кетті, амал жоқ» деп түзетілген, 1909, 1933, 1949, 1954 жылғы басылымдарда 22-шумақтың 4-жолы «Есітіп үнін» болып берілсе, кейінгі жинақтарда Мұрсейіт қолжазбаларына сәйкес «Естісем үнін» түрінде алынған. 1954 жылғы жинақта 24-шумақтың 8-жолы «Қысылған жерде – жаңжал дау» болса, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол «Қысылған жерде – жан жалдау» түрінде көрсетілген.

Абай «Сегіз аяқ» өлеңіне ән шығарған. Бұл әннің әр жылдарда жазылған 8 түрі бар. Әннің 1-түрін А.Э. Бимбоэс Ақмола облысының Ақмола ауданында әнші-акын Мұстафа Нұрбаевтың орындауы бойынша 1920 жылы нотаға түсірсе, А.В. Затаевич Орынбор қаласында 1922 жылы Құста Мырзабеков пен Кәрім Қашқымбаевтың айтуды бойынша жалаң нотаға қаттаған. Әннің

был үлгісі «Әр халық әндері» жинағында да жарық көрген (1971). Ал композитор Л. Хамиди 1935 жылы Әрхам Ысқақовтан, 1938 жылы Жұсіпбек Елебековтен «Сегіз аяқ» әнінің екі түрін нотаға жазса, профессор Б.Т. Ерзакович 1938 жылы Темірболат Арғынбаевтың және 1939 жылы Куан Лекеровтың айтулары бойынша нотаға түсірген. Сонымен бірге «Сегіз аяқ» әнін әнші Қали Байжановтың орындауынан және Мәкен Мұхамеджановтың айтуы бойынша (1984) Қайролла Жұзбасов 7 және 8-түрлерін нотаға түсірген. Әннің бұл түрде алғаш рет «Айттым солем, Қаламқас» атты Абай әндер жинағында (1986), Абайдың музикалық мұрасына қатысты F. Бейсеновтың «Сегіз аяқ» атты мақалалар жинағында жарық көрді (1966).

М. Әуезов айтқандай, «Сегізаяқ» өлеңінің көркемдік дәрежесі тым биік, мазмұны ұшан-теңіз бай. «Сегіз аяқты» бастиардағы ақынның:

Алыстан сермен,  
Жүректен тербел,  
Шымырлап бойға жайылған;  
Киуадан шаудып,  
Кисының таудып,  
Тағыны жетіп қайырган –  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сейлеймін десен өзің біл.  
Өткірдің жузі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас, –

деп, поэтикалық тіл өнерін сипаттауы теңдесі жоқ ғажап емес пе? Бұнда тіл өнері жайлы тебірене толғауды қазақ поэзиясы тарихынан әлі күнге дейін кездестіре алмай келеміз.

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ,  
Күлкішіл кердең наданның, –

деп суреттеген құр кеуде, топас, дәрменсіз пенделер сол Абай тұсында да, қазіргі XXI ғасырда да қаптап жүр ғой. Яғни:

Еңбек қылсаң ерінбей –  
Тояды қарның тіленбей, –

деп, бүкіл адал енбекке үндеген асыл жырының талай ғасырларға жетіп, мәнгі-баки өмір сүретіні анық.

Абайдың даналық сөздерін өз замандастары түсіне алмай, қабылдауға кабілеттері жетпегені рас. Сондықтан да ақын «Патша, Құдай, сыйындым» өлеңінде:

Қайран сөзім қор болды  
Тобықтының езіне, –

деп ренжісе, «Сегіз аяқта» сол пікірін:

Ағайын бек көп,  
Айтамын етпел,  
Сөзімді ұгар елім жок, –

деп жалғастыра түсті.

Жаңр туралы ойлансақ, «Сегіз аяқ» жай өлеңін ауқымына сыймайды, ол – қазақ әдебиетіндегі лирикалық поэма деуге толық жарайтын туынды.

«Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны деп бағалауға әбден татитын классикалық шығарма.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМҰНЫ**

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы .....	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы .....	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі .....	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі .....	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы .....	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі .....	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі .....	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан .....	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар .....	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин .....	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері .....	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы .....	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны .....	213
Бельгер Г. Абай мен Гете .....	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек .....	240
Еғеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл .....	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі .....	267
Түсініктер .....	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IV том  
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8879**

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылды, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.